

Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің аумағындағы инвестициялық қызмет пен капиталдың еркін қозғалысының негіздері туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 тамыздағы N 798 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің аумағындағы инвестициялық қызмет пен капиталдың еркін қозғалысының негіздері туралы келісімнің жобасы мақұлдандын.

2. Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің аумағындағы инвестициялық қызмет пен капиталдың еркін қозғалысының негіздері туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 2

т а м ы з д а ғ ы

N

7 9 8

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің аумағындағы инвестициялық қызмет пен капиталдың еркін қозғалысының негіздері туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Украинаның **М и н и с т р л е р** **К а б и н е т і**

2003 жылғы 19 қыркүйекте қол қойылған Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімді назарға ала отырып,

капиталдың еркін қозғалысы үшін бәсекелес орта құрудың, өзара инвестициялауға жәрдем көрсетудің және халықаралық стандарттарға сәйкес қаржы нарықтарының жұмыс істеуінің қажеттігін басшылыққа ала отырып,

өзінің Тараптардың экономикалық қауіпсіздікті қорғау қағидаттарын **м о й ы н д а й т ы н ы н** **р а с т а й** **о т ы р ы п,**

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Келісімде қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Келісімнің мақсаты үшін мынадай ұғымдар қолданылады:

1. Мемлекеттік реттеуіштер - Тараптың қаржы нарығындағы құқықтық реттеуді және (немесе) қадағалауды жүзеге асыруға осы Тарап уәкілеттік берген органдар.

2. Инвестициялар - пайда алу және (немесе) өзге пайдалы жетістікке қол жеткізу мақсатында кәсіпкерлік және (немесе) өзге қызмет объектілеріне салынатын ақша қаражаты, бағалы қағаздар, кез келген жылжымалы немесе жылжымайтын мүлік, мүліктік құқық және ақшалай бағасы бар өзге құқықтар.

3. Инвестор - Тараптардың бірінің азаматы болып табылатын жеке тұлға немесе Тараптардың бірінің заңнамасына сәйкес құрылған, оның ішінде мемлекет атынан іс-әрекет жасайтын заңды тұлға немесе Тараптардың бірінің заңнамасына сәйкес құрылған, заңды тұлға болып табылмайтын, Тараптардың аумағында инвестицияларды жүзеге асыратын ұйым.

4. Бағалы қағаздар және (немесе) басқа қаржы құралдары нарығының провайдері - бағалы қағаздармен және басқа қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыруды жүзеге асыратын және (немесе) бағалы қағаздар нарығындағы баға белгілеулер және басқа қаржы құралдары туралы ақпарат беретін заңды тұлға.

5. Бағалы қағаздар эмиссиясының проспектісі - эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарудың және оның айналысының шарттарын тіркейтін құжат.

6. Кәсіби қатысушылар - қаржы нарығындағы мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлғалар:

1) бағалы қағаздар нарығының және (немесе) басқа қаржы құралдарының провайдері қызметі;

2) қаржы нарығындағы брокерлік қызмет;

3) қаржы нарығындағы дилерлік қызмет;

4) инвестициялық консультация беру жөніндегі қызмет;

5) ұжымдық (бірлесіп) инвестициялау институттарының зейнетақы қорларының, мүлікті сенімгерлік басқару қорларының активтерін, өмірді сақтандыру жөніндегі компаниялардың және басқа институционалдық инвесторлардың активтерін басқару жөніндегі қызмет;

б) атаулы бағалы қағаздардың меншік иелерінің тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет;

7) депозитарлық қызмет;

8) есеп айырысу - клирингтік қызмет.

7. Қаржы нарығы - қаржы құралдарының нарығы.

8. Реттелетін қаржы нарығы - бағалы қағаздар нарығының және (немесе) басқа қаржы құралдарының провайдері ұйымдастыратын қаржы нарығы.

9. Өзін-өзі реттейтін ұйым - коммерциялық емес ұйым қағидаттарында жұмыс

істейтін және қаржы нарығы қатысушыларының кәсіби қызметінің жағдайларын қамтамасыз ету, кәсіби этика стандарттарын сақтау, қаржы нарығының өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылатын кәсіби қатысушылары клиенттерінің мүдделерін қорғау, қаржы нарығында операциялар жүргізу ережелері мен стандарттарын белгілеу үшін құрылатын қаржы нарығының кәсіби қатысушыларының е р і к т і б і р л е с т і г і .

10. Инвестициялық қызмет субъектілері - инвесторлар, қаржы нарықтарының кәсіби қатысушылары және қаржы құралдарын шығаратын тұлғалар.

11. Қаржы нарығының есепке алу жүйесі - қаржы құралдарын есепке алуды, сақтауды және олармен операцияларды орындауды жүзеге асыратын кәсіби қ а т ы с у ш ы л а р д ы ң ж и ы н т ы ғы .

12. Қаржы құралдары мыналарды қамтиды:

- 1) эмиссиялық бағалы қағаздар;
- 2) ақша нарығының құралдары (вексельдер, чектер, аккредитивтер және басқа қ ұ р а л д а р) ;
- 3) ұжымдық (бірлесіп) инвестициялауға қатысуды куәландыратын құралдар;
- 4) заттай немесе ақшалай есеп айырысу жүргізілуі мүмкін материалдық құндылықтарға, бағалы қағаздарға, валютаға, пайыздық кірістерге және қаржылық индекстерге қатысты туынды қаржы құралдары (фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтық және пайыздық келісімдер және басқа мерзімді құралдар).

2-бап. Осы Келісімнің мақсаттары

1. Осы Келісімнің мақсаттары:

- 1) Тараптардың аумағында инвестициялық қызмет пен капиталдың еркін қозғалысы үшін қолайлы орта қалыптастыру;
- 2) ұлттық қаржы нарықтарының дамуын және ашық жұмыс істеуін қамтамасыз ететін үйлестірілген құқықтық өріс қалыптастыру;
- 3) халықаралық стандарттарға сәйкес Тараптардың қаржы нарықтарының инфрақұрылымын кіріктіру үшін жағдай жасау;
- 4) Тараптардың инвестициялық режимдеріне сәйкес өзара инвестицияларды жүзеге асыруға кедергі болатын шектеулерді біртіндеп жою болып табылады.

2. Осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізу:

- 1) инвесторлардың және кәсіби қатысушылардың қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын сенімді қорғау тетіктерін құру бағытында қаржы нарықтарын заңнамалық және институционалдық реформалауды келісілген режимде жүргізу;
- 2) эмитенттер, инвесторлар және кәсіби қатысушылар үшін осы нарықтардың барлық сегменттерінің қазіргі заманғы технологиялық деңгейде жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ықпалдастырылған сауда, есепке алу және есеп айырысу инфрақұрылымын жасау жолындағы заңнамалық және әкімшілік кедергілер мен шектеулерді жою қағидаттарына негізделеді.

2-бөлім. Инвестициялық заңнаманы үйлестіру және қаржы нарығындағы қатынастарды реттеу

3-бап. Инвестициялық қызмет және қаржы нарығындағы қатынастарды реттеу саласындағы заңнаманы үйлестірудің негізгі бағыттары

Тараптар осы Келісім күшіне енген күннен бастап бес жылдық кезең ішінде м ы н а л а р д ы :

1) Тараптардың аумағындағы инвестициялар объектілеріне және инвестициялық қызмет субъектілеріне қойылатын талаптарды;

2) инвестициялық қызмет субъектілерінің құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, сондай-ақ инвестицияларды ынталандыру жөніндегі шараларды;

3) инвестицияларды қорғау мәселелерін;

4) Тараптардың бірінде тіркеу рәсімінен өткен бағалы қағаздар комиссиясының проспектілерін Тараптардың әрқайсысында тануды;

5) эмиссиялық бағалы қағаздардың және басқа қаржы құралдарының жария а й н а л ы с ы н ;

6) Тараптардың реттелетін қаржы нарықтарындағы бағалы қағаздар листингін;

7) Тараптардың қаржы нарықтарына эмиссиялық бағалы қағаздарды және Тараптар мен үшінші елдер резиденттерінің басқа қаржы құралдарына рұқсат етуді және о л а р д ы ң а й н а л ы с ы н ;

8) Тараптар резиденттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары мен басқа қаржы құралдарын үшінші елдердің қаржы нарықтарына айналысқа жіберуді;

9) Тараптардың резиденттері арасындағы трансшекаралық есеп айырысуларды және Тараптардың есепке алу жүйелерінің өзара іс-қимыл жасауын қоса алғанда, бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша есепке алуды және есеп айырысуды;

10) Тараптардың қаржы нарықтарындағы кәсіби қызметті қадағалауды жүзеге асыру тәртібін реттейтін ұлттық заңнаманы үйлестірудің осы Келісімнің мақсаттарына сәйкес келетін деңгейін айқындауға және оған қол жеткізуге келісті.

4-бап. Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру саласындағы заңнаманы үйлестіру

1. Ұлттық қаржы нарықтарының жұмыс істеуі үшін жағдай жасауға және капиталдың еркін қозғалысы үшін кедергілерді жоюға бағытталған Тараптардың әрқайсысының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру реформасы:

1) мүдделі сыртқы пайдаланушылар, оның ішінде инвесторлар үшін инвестициялық қызмет субъектілері қызметінің қаржылық жай-күйі және қаржылық нәтижелері туралы а қ п а р а т т ы ң а ш ы қ т ы ғ ы н ;

2) басқарушы персоналдың инвестициялық қызмет субъектілерінің экономикалық жағдайлары, қаржылық жай-күйі және қаржылық нәтижелері туралы объективті ақпаратты пайдалануы есебінен инвестициялық қызмет субъектілерін басқаруды

жетілдіруді қамтамасыз ететін бірыңғай қағидаттар негізінде жүргізіледі.

2. Тараптардың әрқайсысында қаржылық есеп беру реформасы солардың негізінде жүргізілуге тиіс бірыңғай қағидаттар Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттары жөніндегі кеңес (IASB) қабылдайтын Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына (IFRS, бұдан әрі - ХҚЕС) негізделеді.

3. Тараптар ХҚЕС негізінде жасалған бухгалтерлік есепке алуға және қаржылық есеп беруге ресми мәртебе беру бөлігінде бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру саласын реттейтін ұлттық заңнамаға өзгерістер енгізеді. Тараптар бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру жөніндегі жаңа нормативтік құқықтық актілер әзірлеуді және қолданылып жүргендерін ХҚЕС-ға сәйкес келтіруді қамтамасыз етеді.

5-бап. Тараптардың бухгалтерлік есепке алуды және қаржылық есеп беруді реформалау жөніндегі іс-қимылын үйлестіру

1. Тараптар бухгалтерлік есепке алуды және қаржылық есеп беруді ХҚЕС негізінде реформалау жөніндегі өздерінің іс-қимылын үйлестіру және тәжірибе алмасуды ұйымдастыру мақсатында ХҚЕС қолдану жөнінде консультативтік кеңес құрады, оған мемлекеттік органдардың, ұлттық (орталық) банктердің, бухгалтерлер мен аудиторлардың ұлттық кәсіби ұйымдарының өкілдері, Тараптардың басқа өкілдері кіретін болады.

2. ХҚЕС қолдану жөніндегі консультативтік кеңес:

- 1) ХҚЕС негізінде жасалған шоғырландырылған қаржылық есебі міндетті түрде жариялануға шаруашылық жүргізуші субъектілердің шеңберін келісуді;
- 2) ХҚЕС негізінде қолданыстағы бухгалтерлік есепке алудың және қаржылық есеп берудің ұлттық стандарттарының тәсілдерін және жүйелілігін келісуді;
- 3) ХҚЕС-ты Тараптардың мемлекеттік тілдеріне ресми аударуды дайындау рәсімдерін үйлестіруді және кейіннен оларды жариялауды;
- 4) аудиторлық қызметтің қолданыстағы ұлттық стандарттарын Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес келтірудің тәсілдері мен жүйелілігін келісуді;
- 5) бухгалтерлерді, аудиторларды және бухгалтерлік есепті пайдаланушыларды қоса алғанда, түрлі санаттағы мамандарды ХҚЕС-қа оқыту бағдарламаларын келісуді;
- 6) Тараптардың бухгалтерлік есепке алу, есеп беру және аудиторлық қызмет саласындағы ынтымақтастығын жандандыруды;
- 7) бухгалтерлік есепке алуды және қаржылық есеп беруді реформалау міндеттерін іске асыруға кәсіби қоғамдастықты тартулы жандандыруды көздейтін бухгалтерлік есепке алуды және қаржылық есеп беруді ХҚЕС негізінде реформалау жөніндегі бірлескен іс-қимылды дайындау мақсатында құрылады.

6-бап. Қаржы нарықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңнаманы үйлестіру

1. Тараптардың әрқайсысының ұлттық заңнамасын үйлестіру мынадай мақсаттарда жүргізіледі:

- 1) қаржы нарығын дамытудың стратегиялық жүйелі мәселелерін шешу;
- 2) инвесторлар мен кәсіби қатысушылардың қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын, оның ішінде заңнаманы бұзушыларға тиімді ықпал ету шараларын қолдану арқылы қорғау;
- 3) инвесторларға және кәсіби қатысушыларға қаржы нарығына кіруге тең мүмкіндіктер ұсыну;
- 4) қаржы нарығының ашықтығын қамтамасыз ету;
- 5) қаржы нарығындағы бәсекелестікті дамыту және жосықсыз бәсекеден қорғау;
- 6) ұлттық қаржы нарықтары жұмыс істеуінің халықаралық стандарттарға бейімделуіне ықпал ету.

2. Тараптар ұлттық заңнама деңгейінде мыналарды айқындайды:

- 1) кәсіби қатысушылар активтерінің сапасын, олардың шығасылар мен залалдарды жабуға арналған резервтерінің жеткіліктілігін бағалау жүйесі; кәсіби қатысушылардың халықаралық кредиттік және инвестициялық операцияларды жүзеге асыруы кезінде төлемге қабілетсіздік тәуекелін және трансферттік тәуекелдерді, сондай-ақ осындай тәуекелдерді жабуға арналған тиісті резервтердің болуын анықтауға және бағалауға бағытталған бақылау жүйесі;
- 2) кәсіби қатысушылар жүзеге асыратын ішкі бақылауға қойылатын талаптар;
- 3) үшінші тұлғалардың кәсіби қатысушының қаржылық жай-күйі туралы дұрыс мәліметтер алуына бағытталған ақпаратты ашу жөніндегі талаптар;
- 4) қаржы нарықтарында инсайдерлік ақпаратты пайдалануға кедергі келтіретін ережелер;
- 5) қаржы нарығы инвесторларының активтерін сақтауға кепілдік беру тетіктері.

3. Тараптардың мемлекеттік реттеуіштерінде кәсіби қатысушылардың кредиттік және инвестициялық портфельдеріндегі тәуекелдердің шоғырлануын анықтауға мүмкіндік беретін ақпаратты алу өкілеттіктері болуға тиіс.

7-бап. Қаржы нарықтарының мемлекеттік реттеуіштерінің ынтымақтастық қағидаттары

1. Тараптардың мемлекеттік реттеуіштері құзыреттеріне сәйкес тұрақты түрде өздерінде бар ақпарат алмасуды ұйымдастыру жөнінде қажетті шаралар қабылдайды, сондай-ақ осындай ақпарат берудің тәртібін және оның құрамын келіседі.

2. Тараптардың қаржы нарықтарындағы қызметті қадағалауды жүзеге асырған кезде Тараптар мемлекеттік реттеуіштерінің өзара іс-қимыл жасау қажеттігін мойындайды.

3. Тараптардың мемлекеттік реттеуіштері:

- 1) Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті (the Basle Committee on Banking Supervision);
- 2) Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы (IOSCO);

3) "Қаржылық конгломераттарды қадағалау" және "Тәуекелдерді шоғырландыру" қаржылық конгломераттардың біріктірілген форумы;

4) Сақтандыруды қадағалаудың халықаралық қауымдастығы (IAIS) сияқты қаржы саласындағы жетекші халықаралық ұйымдар қабылдаған ұсынымдарды ескере отырып, қаржылық нарыққа қатысушылар ұлттық деңгейде жүргізетін операцияларға қойылатын талаптарды әзірлейді және енгізеді.

4. Тараптардың әрқайсысында мемлекеттік реттеу нысандары қор немесе фьючерс биржалары, бағалы қағаздардың орталық депозитарийлері, орталық клирингтік ұйымдар және кәсіби қатысушылардың бірлестіктері жүзеге асыратын өзін-өзі реттеудің түрлі нысандарымен толықтырылады.

3-бөлім. Қаржы нарығының инфрақұрылымын дамыту

8-бап. Бағалы қағаздар және (немесе) басқа қаржы құралдары нарығы провайдерлерінің қызметін реттеу

Тараптар бағалы қағаздар және (немесе) басқа қаржы құралдары нарығы провайдерлерінің қызметін лицензиялауға және провайдердің өзі немесе осы провайдер қызметінің талаптарын қамтамасыз ететін өзін-өзі реттейтін ұйым белгілеген ережелер мен стандарттарға сәйкес мәмілелер жасайтын кәсіби қатысушылардың қызметін реттеу жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыруға қойылатын талаптарды белгілейтін ұлттық заңнаманы үйлестіруге тырысады.

9-бап. Бағалы қағаздарды және басқа да қаржы құралдарын реттелетін қаржы нарықтарына айналысқа жіберу

1. Тараптар бағалы қағаздар листингінің және басқа да қаржы құралдарын реттелетін қаржы нарықтарында саудаға жіберудің талаптары мен рәсімдерін және реттелетін қаржы нарықтарында бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарын қоса алғанда, басқа да қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша әділ де тиімді баға белгілеуді қамтамасыз ететін ережелерді үйлестіреді.

2. Тараптар ұлттық заңнамаға реттелетін қаржы нарығында Тараптардың бірінің бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдарын айналысқа жіберуінің жалпы тәртібі мен шарттарын белгілеуге мүмкіндік беретін өзгерістер енгізеді.

10-бап. Кәсіби қатысушыларды реттелетін қаржы нарықтарына жіберу

Тараптар кәсіби қатысушыларды Тараптардың реттелетін қаржы нарықтарына жіберудің :

1) бағалы қағаздар және (немесе) басқа да қаржы құралдары нарығының провайдерлерінде реттелетін қаржы нарығындағы қызметтің провайдерлер белгілеген ережелерін сақтайтын кәсіби қатысушыларды жіберу жөнінде кемсітушілік сипаттағы нормалардың болмауын ;

2) реттелетін қаржы нарығына қатысушылар персоналының халықаралық талаптарға сай келетін кәсіби даярлық деңгейін;

3) мәмілелер бойынша тиісті есеп айырысуға кепілдік беру мақсатында кәсіби қатысушының өзіне инвестор немесе оның қызметтерін тұтынушы алдында алған міндеттемелерін орындауға арналған ресурстарының жеткіліктілігін;

4) кәсіби қатысушының реттелетін қаржы нарығында жасалған мәмілелерді орындау жүйесінде белгіленген ережелер мен рәсімдерді сақтау қабілетін;

5) кәсіби қатысушының жасаған мәмілелері туралы ақпаратты жедел ашу, мемлекеттік реттеуіштер және (немесе) бағалы қағаздар және (немесе) басқа да қаржы құралдары нарығының провайдерлері құрған және қолдау көрсететін ақпарат ашу жүйелеріне қатысу мүмкіндігін болжайтын шарттарын үйлестіреді.

11-бап. Реттелетін қаржы нарықтарын ықпалдастыру бағыттары

1 . Т а р а п т а р :

1) бағалы қағаздар және (немесе) басқа да қаржы құралдары нарығының провайдері капиталының (меншікті қаражатының) ең аз мөлшеріне;

2) бағалы қағаздар листингіне, сондай-ақ туынды қаржы құралдарымен мәмілелер ж а с а у е р е ж е л е р і н е ;

3) кәсіби қатысушылардың мамандарын аттестаттау (сертификаттау) жүйесіне, аттестатталған (сертификатталған) мамандардың реттелетін қаржы нарықтарында барлық операцияларды жүргізуіне;

4) кәсіби қатысушыларды реттелетін қаржы нарықтарына жіберу шарттарына, осы қатысушылардың бірыңғай тізіліміне, кәсіби қатысушыларды тізілімге қосуға және о д а н ш ы ғ а р у ғ а ;

5) реттелетін қаржы нарықтарында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар эмиссиясының проспектілеріне, мемлекеттік реттеуіштердің оларды тіркеу рәсіміне;

6) сауданы тиімді ұйымдастыруға және операцияларды сапалы басқаруға жеткілікті, бағалы қағаздар және (немесе) басқа да қаржы құралдары нарығының провайдеріне тиесілі қаражаттың сенімділігіне, оның қызметінде іркіліс болу тәуекелінің алдын алуға кепілдік беретін техникалық және бағдарламалық қамтамасыз етуге;

7) клирингті жүзеге асыру тәртібіне және туынды қаржы құралдарының барлық түрлері бойынша есеп айырысуға;

8) сатып алушы ұсынған ағымдағы бағаны, сатушының бағасын жария етуге және провайдер ақпарат ұсынған бағалар бойынша сауданың қарқындылығына, сатып алушы және сатушы ұсынған бағалар немесе реттелетін қаржы нарығы белгілеген баға белгілеулер ауқымына, осы ақпаратты жария ету құралдарына қол жеткізуді қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

9) бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, реттелетін нарық белсенділігінің индекстерін кәсіби қатысушыларға жеңіл тәсілдермен жариялауға және осы ақпаратты ұсынудың үнемі болуына қойылатын талаптарды үйлестіреді.

2. Тараптар бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен мәмілелер

бойынша мәміле жасалған сәттен бастап бір күн ішінде есеп айырысуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін есеп айырысу жүйесін құруды дұрыс деп есептейді.

12-бап. Қаржы нарықтарының есепке алу жүйесін шоғырландыру

1. Траншекаралық мәмілелерді орындаудың тиімділігін арттыруға және инвестициялық қызмет субъектілерінің арасында есеп айырысуға ықпал ететін қаржы нарықтарының есепке алу жүйесін шоғырландыру бағалы қағаздар және басқа да қаржы құралдары нарықтарын ықпалдастыру процесі үшін басым болып табылады.

2. Егер ұлттық заңнамада олардың болуы көзделген болса, бағалы қағаздардың ұлттық орталық депозитарийі, өзге де депозитарлық ұйымдар және тізілім ұстаушылар қаржы нарықтары есепке алу жүйесінің шарттар жүргізуге әрі Тараптардың әрқайсысындағы қаржы құралдарына құқықты белгілейтін уәкілетті ұйымдары болып т а б ы л а д ы .

3. Тараптар бағалы қағаздардың ұлттық орталық депозитарийлерін құрады.

Тараптар Тараптардың депозитарлық ұйымдарының корреспонденттік (депозитарлық) шоттарды Тараптардың ұлттық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптардың аумағында тек қана Тараптардың бағалы қағаздардың орталық депозитарийлерінде ашуына рұқсат етеді.

4. Тараптар бағалы қағаздардың және басқа да қаржы құралдарының өтімділігін арттыру мақсатында ұлттық орталық клирингтік ұйым құруды жөн деп есептейді. Бұл ретте Тараптардың әрқайсысы ұлттық қаржы нарықтарын дамытуға арналған ең қолайлы жағдайлар туғызу мақсатын негізге ала отырып осындай ұйымның қажеттілігі және оны құру мерзімі туралы мәселені дербес шешеді.

Ұлттық заңнамада белгіленген ерекшеліктерді есепке ала отырып, орталық клирингтік ұйымның және бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің функциялары бірлесіп қоса атқарылуы мүмкін.

13-бап. Қаржы нарықтарының ақпараттық дерекқоры

Тараптар ұлттық қаржы нарықтарының стандартталған орталықтандырылған дерекқорын құру қажеттігін мойындайды. Тараптардың резиденттеріне осындай дерекқорлардағы көпшілікке арналған ақпаратқа қол жеткізуге рұқсат етіледі.

14-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздардың тіркеу нөмірлері

Тараптар өздерінің иелеріне бірдей құқықтар беретін бағалы қағаздар шығарылымдарына бір тіркеу нөмірін тағайындау қағидаттарын басшылыққа ала отырып, эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымына ұлттық тіркеу нөмірлерін тағайындау ережесін дербес белгілейді.

Тараптар бағалы қағаздар шығарылымының идентификаторы ретінде Тараптардың аумағында айналыста болған кезде ұлттық тіркеу нөмірін және (немесе) ISO 6166 халықаралық стандартына сәйкес тағайындалатын халықаралық нөмірді (ISIN) пайдаланады.

4-бөлім. Қорытынды ережелер

15-бап. Жұмыс тобын құру

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптардың құзыретті органдары осы Келісім күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Тараптардың сарапшыларынан жұмыс тобын құрады. Жұмыс тобының функциялары мен өкілеттіктері Тараптардың құзыретті органдары арасындағы жеке келісіммен бекітілетін Жұмыс тобы туралы ережеде айқындалады.

16-бап. Дауларды шешу тәртібі

Осы Келісімнің ережелерін талқылауға және (немесе) қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Тараптардың кез келгені дауды Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберіндегі дауларды шешу жөніндегі органға шешу үшін бере алады.

17-бап. Ескертпелер

Осы Келісімге ескертпелер жасауға жол берілмейді.

18-бап. Келісімге қосылу

Кез келген мемлекет осы Келісімнің қатысушысы бола алады.

Осы Келісімге қосылу шарттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттер мен қосылушы мемлекет арасында жасалатын халықаралық шартта айқындалады.

19-бап. Өзгерістер мен толықтырулар

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

20-бап. Осы Келісімнің күшіне ену және одан шығу тәртібі

Осы Келісімнің күшіне ену және одан шығу тәртібі Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену және одан шығу тәртібі туралы х а т т а м а д а ай қ ы н д а л а д ы .

_____ қаласында 200__ жылғы "___" _____ орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Депозитарийде сақталады. Осы Келісімнің депозитарийі Біртұтас экономикалық кеңістіктің комиссиясына Депозитарийдің функциялары берілгенге дейін Қазақстан Республикасы болып табылады.

Депозитарий осы Келісімге қол қойған Тараптардың әрқайсысына оның расталған көшірмесін жібереді.

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

